

«БЕКІТЕМІН»

«Талпын» инклюзивті оңалту

балабақшасының

Директоры

Махутова М.Х.

«*Мамыр*» 20*23* ж.

**«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының
2023-2024 оқу жылына арналған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	Отырыстардың тақырыптары	Қатысушылар санаты	Жауапты
ҚЫРКҮЙЕК			
1	1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. 2. Педагогтердің қызметтік әдебі мен кәсіби жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу. 3. Ұжымдағы өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелерін талқылау	Ұжым	Кенес Мүшелері
ЖЕЛТОҚСАН			
2	1. Жас педагогтердің кәсіби бейімделуі және педагогикалық әдепті сақтау мәселелері. 2. Педагогтердің еңбек тәртібі мен қызметтік мәдениеті туралы талқылау.	Ұжым	Кенес Мүшелері
МАМЫР			
3	1. 2023–2024 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысына талдау жасау. 2. Әдеп талаптарының сақталу деңгейін қорытындылау. 3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар енгізу.	Кенес Мүшелері	Төрайым

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің хаттамасы №1

11.09.2023 ж.

Қатысқандар: Кеңес төарағасы, мүшелері – 7 адам.
Балабақша педагогтері – 5 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагогтердің қызметтік әдебі мен кәсіби жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
3. Ұжымдағы өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелерін талқылау.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Т. Кусайнова 2023–2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби әдебін сақтау, ұжымдағы өзара сыйластықты нығайту, ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және педагог мәртебесін көтеруге бағытталған іс-шаралар қамтылғаны айтылды.

Кеңес мүшелері жоспарға қатысты өз ұсыныстарын білдіріп, жоспардың мазмұны талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспарға сәйкес барлық іс-шаралардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.
3. Кеңес мүшелеріне бекітілген жұмыстар өз мерзімінде атқару тапсырылсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Л. Бекева педагогтердің қызметтік әдебі мен кәсіби жауапкершілігі туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогтің қызметтік міндеттерін адал орындауы, еңбек тәртібін сақтауы, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен сыпайы қарым-қатынас жасауы маңызды екендігі айтылды.

Сонымен қатар педагогтердің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті және кәсіби имиджі білім беру ұйымының беделіне әсер ететіні атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтерге қызметтік әдеп нормаларын қатаң сақтау міндеттелсін.
2. Кәсіби жауапкершілікті арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Педагогтердің еңбек тәртібі мен қызметтік мәдениетін сақтау бақылауға алынсын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Г. Кенганова ұжымдағы өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша сөз сөйледі. Ұжым арасында сыйластық пен ынтымақтастықты нығайту, әріптестер арасында әдепті қарым-қатынас орнату және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудың маңыздылығы айтылды.

Кеңес мүшелері ұжымдағы жағымды атмосфера жұмыс сапасына оң әсер ететінін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. Ұжымда өзара сыйластық пен ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Қызметкерлер арасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау тұрақты бақылауда болсын.
3. Ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:

Т.Кусайнова

Хатшы:

Ә. Муналбаева

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің хаттамасы №2

11.12.2023 ж.

Қатысқандар: Кеңес төарағасы, мүшелері – 7 адам.
Балабақша педагогтері – 7 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жас педагогтердің кәсіби бейімделуі және педагогикалық әдепті сақтау мәселелері.
2. Педагогтердің еңбек тәртібі мен қызметтік мәдениеті туралы талқылау.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Т. Кусайнова жас педагогтердің кәсіби бейімделуі туралы сөз сөйледі. Баяндама барысында жас мамандардың еңбек ұжымына тез бейімделуі, кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруы және педагогикалық әдеп талаптарын сақтауы маңызды екендігі айтылды. Сонымен қатар жас педагогтерге тәжірибелі ұстаздар тарапынан әдістемелік көмек көрсету, тәлімгерлік жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау арқылы жас мамандардың кәсіби беделі қалыптасатыны түсіндірілді.

ШЕШІМІ:

1. Жас педагогтерге педагогикалық әдеп нормаларын сақтау жөнінде тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Жас мамандарға тәжірибелі педагогтерден тәлімгер бекітілсін.
3. Жас педагогтердің кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Л. Бекиева педагогтердің еңбек тәртібі мен қызметтік мәдениеті туралы сөз сөйледі. Қызметкерлердің жұмыс уақыты тәртібін сақтау, қызметтік міндеттерін сапалы орындау және әріптестермен мәдениетті қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланды. Сонымен қатар педагогтердің сөйлеу әдебі, сыртқы келбеті, құжаттармен жұмыс жүргізу мәдениеті және ата-аналармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері айтылды. Еңбек тәртібін сақтау ұйым жұмысының сапасын арттыруға ықпал ететіні атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтердің еңбек тәртібін сақтауына бақылау күшейтілсін.
2. Қызметтік мәдениет пен педагогикалық әдеп талаптарын сақтау барлық қызметкерлерге міндеттелсін.
3. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:



Т.Кусайнова

Хатшы:

Ә. Муналбаева

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің хаттамасы №3

20.05.2024 ж.

Қатысқандар: Кеңес төарағасы, мүшелері – 7 адам.
Балабақша педагогтері – 5 адам

Күн тәртібінде:

1. 2023–2024 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысына талдау жасау.
2. Әдеп талаптарының сақталу деңгейін қорытындылау.
3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар енгізу.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Т. Кусайнова 2023–2024 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес тарапынан атқарылған жұмыстарға талдау жасады. Оқу жылы барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, ата-аналармен тиімді байланыс орнату және педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылғаны айтылды.

Сонымен қатар педагогтер арасында түсіндіру жұмыстары, кеңестер және профилактикалық іс-шаралар тұрақты жүргізілгені баяндалды.

ШЕШІМІ:

1. 2023–2024 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Кеңес мүшелерінің жауапкершілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Л. Бекиева әдеп талаптарының сақталу деңгейі бойынша жүргізілген мониторинг қорытындыларымен таныстырды. Жыл бойы педагогтердің қызметтік әдепті сақтау, еңбек тәртібін орындау және ата-аналармен мәдениетті қарым-қатынас жасау деңгейі бақылауда болғаны айтылды.

Көпшілік педагогтердің әдеп нормаларын сақтайтыны, ұжымда өзара сыйластықтың қалыптасқаны атап өтілді. Сонымен бірге кейбір жағдайларда педагогтердің әлеуметтік желідегі мәдениетіне назар аудару қажеттілігі ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Әдеп талаптарының сақталу деңгейі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Педагогтердің қызметтік мәдениетін сақтау бойынша бақылау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Әлеуметтік желідегі педагог әдебі туралы түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшелері келесі оқу жылына арналған ұсыныстар мен жоспарларды талқылады. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру, жас мамандарға қолдау көрсету, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту және педагогикалық әдеп талаптарын насихаттау бағытында жұмыстар жүргізу ұсынылды.

Сонымен қатар ата-аналармен тиімді байланыс орнату және педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шаралар өткізу қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Келесі 2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары әзірленсін.
2. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. Жас педагогтерге әдістемелік және психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Т.Кусайнова

Хатшы:

Ә. Муналбаева